



## Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №\_\_\_\_\_

к.

«\_\_» 2024 ж.

"ХИМ-плюс" ЖШС, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_, атынан, бір жағынан, және \_\_\_\_\_ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, \_\_\_\_\_ атынан, негізінде қызмет ететін \_\_\_\_\_, тұлғасында екінші тараپтан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Казына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (катысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Казына» АҚ-га мешік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі занды тұлғалардың сатып алушарын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және \_\_\_\_\_ негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмөндегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол коя отырып: • заннамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін қасіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол коя үшін кандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол коя алдында өзінің барлық қасіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін раставиды.

### 1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

### 2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) \_\_\_\_\_ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтыйы және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Орындаушы авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған қүннен бастап 20 (жынырда) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі. Аванстық төлем (алдын ала төлем) Тәртібінің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, авансты қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда жүргізіледі. Орындаушы аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.4.1. Тәртібінің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларда аванстық төлем (алдын ала төлем) мынадай құжатты (құжаттарды) ұсыну негізінде \_\_\_\_\_ мерзімде жүргізіледі:

2.5. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған қүннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) қүннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Шарт шенберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық колеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алушы жургізуі қамтамасыз ететін «Самұрық-Казына» АҚ-ның акпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.5.2. Шот-фактура;

2.5.3. ...

2.6. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушігে Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Заннамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушігে Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.


2.7. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/кол қоюна байланысты төлемнің мерзімін еткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.8. Нақты көрсетілген Қызметтер үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлем ескеріле отырып жүргізіледі.

### 3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Орындаушы Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес орны бойынша және мерзімінде Қызмет көрсетуге міндетті.

3.2. Тапсырыс берушінің көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойған күні Қызмет көрсету күні болып есептеледі. Қызметтерді





Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес және Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес саны мен сапасы бойынша көрсетеді.

#### 4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

- 4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;
- 4.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда көрсетілетін Қызметтерге құжаттарды, оның ішінде:
  - 4.1.2.1. Шарт шенберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық қолеміне (санына) арналған Шартта елшілік құндылықтың есебі (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;
- 4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға;
- 4.1.4. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсетуге;
- 4.1.5. Қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сактауга;
- 4.1.6. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сактамауы нәтижесінде туындаған ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауап беруге;
- 4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Қызметтер көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы мүмкін және (немесе) әкеп сокқан барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіні дереге ескертуге;
- 4.1.8. Тапсырыс беруші немесе үәкілді органдар анықтаған өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы кемшіліктерді және Тапсырыс беруші және (немесе) үәкілді органдар белгілелеген мерзімде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын өз есебінен жоюға;
- 4.1.9. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына Тапсырыс берушінің және (немесе) үәкілді органдардың өкілдерінің кол жеткізуін қамтамасыз етуге;
- 4.1.10. Осы Шартты орындау үшін тартылатын қызметкерлерге осы Шартта көрсетілген жалақылар Шарттың бүкіл қолданылу кезеңіне белгілесін және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті қызметкерлердің аударылған міндетті зейнетакы жарналары туралы Бірыңғай жинақтауши зейнетакы қорынан \_\_\_\_\_ кешіктірілмейтін мерзімде токсан сайынғы негізде үзінді қөшірмелер ұсынуға (тендерлік құжаттамада Тәртіптің № 5 қосымшасының 35-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші жұмыскерлерінің жалақысының ен төменгі шегі(тері) белгіленген кезде қолданылады);
- 4.1.11. Шартты орындау үшін тартылған Орындаушының жұмыскерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарының ұлғаюын қамтамасыз етуге және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлердің аударылған міндетті зейнетакы жарналары туралы Бірыңғай жинақтауши зейнетакы қорынан \_\_\_\_\_ үзіндіден кешіктірілмейтін мерзімде токсан сайынғы негізде ұсыну (Тәртіптің 59-бабы 1-тармағының 9) тармақшасының алтынши абзацына сәйкес шарт жасасу және Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес жасалған шарттарға өзгерістер енгізу кезінде қолданылады).
- 4.1.12. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудан өткен мамандарды Қызмет көрсетуге жіберуге (мұндай талап Қызметтерге қолданылатын кездеған белгіленеді).
- 4.1.13. Орындаушы және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан астам болған кезде өз карамағында өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы өз қызметі және (немесе) мамандары болуы тиіс (мұндай талап Қызметтерге қатысты болған кездеған белгіленеді).
- 4.1.14. Денсаулық сақтау саласындағы үәкілді органдар айқындаған тәртіппен өз жұмыскерлерін мерзімді медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ ауысым алдындағы және өзге де медициналық қуәландыруды жүргізуге (мұндай талап қөрсетіледін Қызметтерге қолданылатын кездеған белгіленеді).
- 4.1.15. Өз жұмыскерлерін қауіпсіз Қызмет көрсету үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау





құралдарымен қамтамасыз етуге міндеттенеді (мұндай талап Қызметтерге қатысты болған кезде ғана белгіленеді).

#### 4.2. Орындаушының:

- 4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.
- 4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді үақтылы қабылдауды және Қорсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;
- 4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.
- 4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;
- 4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы қорсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында қорсетілетін қызметтер көлемінің (күнінің)  $\frac{1}{4}$ -нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алууды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.
- 4.2.6. Қызмет қорсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, енбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумактары туралы ақпаратпен танысады талап етуге құқығы бар.
- 4.2.7. Тапсырыс берушіден авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді үақтылы қайтаруды талап етуге;
- 4.2.8. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді үақтылы қайтаруды талап етуге құқығы бар.

#### 4.3. Тапсырыс берушінің:

- 4.3.1. Орындаушы қорсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.
- 4.3.2. Шагымдар болмаған жағдайда Қорсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.
- 4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.
- 4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, енбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен кол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумактары туралы хабардар етуге міндеттенеді.
- 4.3.5. Тапсырыс берушіден алынған алдын ала төлем сомасына Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді Орындаушыға қайтаруға;
- 4.3.6. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Орындаушыға қайтаруға міндеттенеді.

#### 4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

- 4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.
- 4.4.2. Шарт күнінің тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.
- 4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға. Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елшілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.
- 4.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы қорсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, енбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-епидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.
- 4.4.5. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, енбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің қорсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, енбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-епидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындауын сактамаған жағдайда есептелген айыппулдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.

### 5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық шифрлық колтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 кантардагы N 370-II Заны 7 бабының 1 тармагына сәйкес кагаз тасығыштагы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе





5.1. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге күкүлшілдері.

5.2. Көрсетілген Қызметтерді қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Көрсетілген Қызметтердің сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмайтын кемшіліктер бойынша (жасырын кемшіліктер) Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызмет көрсеткен сәттен бастап 5 (5) жұмыс күндері ішінде талап кояды. Егер Орындаушы 5 (5) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай талап Орындаушы мойындаған болып саналады және орындаушы өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 10 (5) хабарламаны алған сәттен бастап жұмыс күндері тиісті түрде қызмет көрсетуді қамтамасыз ету және / немесе көрсетілген Қызметтердің сапасызын бөлігін ауыстыру Егер Орындаушы 5 (5) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Орындаушы мойындаған болып саналады және Орындаушы өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен хабарлама алған сәттен бастап 10 (5) жұмыс күндері ішінде Қызметтер көрсетуді тиісті түрде қамтамасыз етуге және/немесе көрсетілген Қызметтердің сапасызын бөлігін ауыстыруға міндеттеннеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші Қызмет көрсету сәтінен бастап 5 ( ) ішінде Орындаушыға Қызметтердің тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Қызметтер Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

## 6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді. Орындаушы осы Шарт бойынша көрсетілген Қызметтер қызметті қалыпты пайдалану кезінде конструкцияға, материалдарға немесе жұмысқа байланысты кемшіліктердің болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Орындаушы Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап 1 год белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Қызметтердің сапасына кепілдік береді.

## 7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны және/немесе тиісінше орындағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заннамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерде туристік құндылықтан тыс есептеуді ұсынбаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушігে мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-ынан аспайтын есімпұл төлейді.

7.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және коршаған ортанды қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заннамасының талаптарын сактамаған жағдайда және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Тапсырыс берушінің талаптары орындалмаса, Орындаушы әрбір анықталған сәйкесіздік үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

7.2.3. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтердің көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушігө шарт сомасынан орындалмaganда 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ шарттың жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде есімпұл төлеуге міндетті.

7.2.4. Орындаушы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушігө мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1%, бірақ шарттың жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде есімпұл төлеуді.

7.2.5. Осы Шартты орында үшін тартылатын қызметкерлерге жалакы белгілеу жөніндегі міндеттемелерді Шарт талаптарына сәйкес орындаған жағдайда, Орындаушы Шарттың жалпы құнының кемінде 10%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Орындаушы төлеуі тиіс немесе орындалған жұмыстарды қабылдауда тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

7.2.6. Шарттың талаптарына сәйкес Орындаушының Шартты орында үшін тартылған қызметкерлерін әлеуметтік колдауға арналған жалакыны және шығыстарды ұлғайту бойынша міндеттемелер орындалмagan жағдайда Орындаушы Шарттың жалпы құнының кемінде 10% мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады, оны Орындаушы төлеуі тиіс немесе орындалған жұмыстарды қабылдауда тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін.

7.3. Орындаушы Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағаны және/немесе тиісінше орындағаны үшін Тапсырыс берушігө тиесілі есімпұл (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төлеуге жататын сомадан ұстап қалуға келіседі.

7.4. Егер Орындаушы Шарттың \_\_\_\_\_-тармағында белгіленген мерзімде Шарттың орындалуын қамтамасызын етуді ұсынбаса, онда Шарт





өз қолданысын тоқтатады және Тапсырыс беруші өнім берушіні таңдау кезеңінде Орындаушы енгізген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

#### 7.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.5.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға шарттын жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір қүнтізбелік күн үшін, бірақ шарттын жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.5.2. Орындаушы ұсынған аванстық төлемді қамтамасыз етуді қайтару кідіртілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір қүнтізбелік күн үшін шарттын жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттын жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.5.3. Орындаушы ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідіртілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір қүнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге тиіс, бірақ шарт сомасынан орындалмаганда 10%-нан аспауға тиіс.

7.5.4. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға шарттын жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттын жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде, әрбір қүнтізбелік күн үшін өсімпұл төлейді.

7.5.5. Тапсырыс беруші күжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Қызмет көрсету үшін орындаушыға күжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Орындаушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындаі алмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

7.6. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі үәкілдепті органға акпарат жібереді.

7.7. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын енгізілген қамтамасыз ету сомасынан Орындаушыға Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны және осыған байланысты туындаған залалдар үшін есептелген тұрақсыздық айыбының сомасын ұстап қалуға құқылы.

7.8. Тапсырыс беруші алдын ала төлем жасағаннан аз сомаға нақты Қызметтер көрсету кезінде Шарттың колданылуы тоқтатылған жағдайда Тапсырыс беруші енгізілген аванстық қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.9. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

### 8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толыктырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда;

8.3.3. Қызметтерді сатып алушың орынды еместігіне байланысты;

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қыскарган жағдайда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы аткарушы органдың/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы аткарушы орган/басқару органдың/байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналасы) болмаған жағдайда. Қызметтерді сатып алушың негізі орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.4. Сатып алушы жүзеге асыру мәселелері жөніндегі үәкілдепті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуша бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.





8.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындауши Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындауда салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұлдың сомасын каржылық етеуді талап етуге құқылы.

8.6. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттан бас тартудың болжамды қүніне дейін кемінде құнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттан бас тарту себебі көрсетілуге тиіс, құші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның қүшіне ену күні ескертілуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде Орындаушының Шартты орындаушыға байланысты Шартты бұзған күнгі нақты шығындар үшін гана акы төлеуді талап етуге құқығы бар. Авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде Шарт бойынша міндеттемелерді Орындаушы бұзған жағдайларға алдын ала хабарлама бойынша міндеттемелер колданылмайды.

## 9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізізінен тартуысы және кешіктіруіз жүзеге асырылады.

9.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілудің тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (негұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

## 10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың өкілетті тұлғалары кол койған күннен бастап өз қүшіне енеді және 364 календарных дней дейін жарамды, ал өзара есеп айырысу бөлігінде толық аяқталғанша жарамды болады.

## 11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар, егер ол еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінера орындағаны үшін жауаптылықтан босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «енсерілмейтін күш жағдайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемия, карантин, эмбарго және басқалар сияқты, бірақ олармен шектелмейтін әрекеттерді қамтуы мүмкін.

11.2. Еңсерілмейтін күш жағдайы туындаған кезде міндеттемелерді орында мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапка осындаған жағдайлар басталған сәттен бастап құнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы жазбаша нысанда (хабарлама) және олардың себептері туралы хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындаған жағдайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс.

## 12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда болуы мүмкін барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындаған келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

## 13. Сыбайллас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама турде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.





13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық парага сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ак қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-кимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындаудың қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлықка қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық парага сатып алу сиякты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ак қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-кимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыйбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік катынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ак сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыйбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.


#### 14. Құпиялышық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ак төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының үекілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіpte көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында үйғарылған не оған үекілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырларатын жағдайларда сotta қараша жағдайларына қолданылмайды.

14.2. Орындаушы Тапсырыс берушінің «Самұрық-Казына» АҚ-ға Шарт бойынша ақпаратты, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагент-банктердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Казына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелер жіберу жолымен төлемнің деректемелері мен детальдары туралы ақпаратты ашуға құқығы бар екендігімен келіседі.

#### 15. Басқа шарттар

15.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Орындаушының кепілдіктері негізінде және оларға адалдықпен сүйене отырып, Орындаушы: (а) Орындаушы да, оның үлестес тұлғалары да, Орындаушының барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одактың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуға тыйым салынған немесе бірнемеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ак аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмеген кепілдік береді. Орындаушының Шартпен келісімі осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуга әкеп сокпайды; (б) Орындаушы Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Орындаушының шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы





институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан. (с) Орындаушының атынан осы Шартқа көл қоятын тулға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен үргатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

15.2. Егер Орындаушының қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл болмаса, Орындаушы екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Орындаушының осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәл емес болуы нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржакты тәртіппен бас тартуға құқылы.

15.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт кабылданса немесе қандай да бір колданыстағы Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның күзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар: (а) ақылға қонымды және негізделген корытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай киыннатуы мүмкін және (немесе) (б) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды корытындысы бойынша) үзак уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе) (с) олар бузушылыққа немесе өнімді жеткізуі/көрсетілетін қызметті тоқтатуға әкелі мүмкін (d) Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе) (e) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуінде әкеп соқтырды немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша нысанда растиған мұндай төмендеу ықтималдығы бар (бірге – «Жаңа Санкциялардың Салдары», мұндай Тарап Жаңа Санкциялар кабылданған сәттен бастап 2 жұмыс күні ішінде (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады) ресми растиғын құжаттарды коса бере отырып және осы санкциялардың оған әсері туралы екінші Тарапты бұл туралы дереу жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

15.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудына Жаңа Санкциялардың ықтимал әсеріне қатысты өз ұстанымдарын адал талқылау және келісу үшін, сондай-ақ осы Шартқа өзгерістер енгізуі, тиісті юрисдикцияның күзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алушы коса алғанда («Адал келіссөздер»), Жаңа Санкциялардың осындай теріс әсерін болғызбау немесе ықтимал төмендегі жөніндегі ықтимал занды және ақылға қонымды шаралар туралы Тараптар кездесулер/келіссөздер өткізеді.

15.5. Тараптар жүргізілген адал келіссөздердің нәтижелері бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізген кезде Тараптар өздері келіскең шараларды іске асыру үшін 5 жұмыс күні ішінде не олар келіскең өзге мерзім ішінде ақылға қонымды құш-жігер жұмысайды, Жаңа Санкциялардың бұзылуын немесе оларды Тараптардың осы Шартты орындаудың қолдануын болғызбауға мүмкіндік беретін шаралар іске асырылуы мүмкін.

15.6. Тараптар адал келіссөздердің бірінші күні өткізілгеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң келісімге қол жеткізбеген жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа Санкциялар қолданылатын немесе оларға қатысты Жаңа Санкциялар туындаған Тарапқа («Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізбешілік туралы хабарлама («Келісімге қол жеткізбешілік туралы хабарлама») жіберуге құқылы. Келісімге қол жеткізілген туралы осындай хабарлама жіберілген жағдайда Тарап Шартты орындаудан біржакты тәртіппен бас тартуға және келтірілген тікелей және/немесе жанама шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

15.7. Тараптар жоғарыда келтірілген ережелерді шектемей, егер осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не тенге жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін зансыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісіу бойынша өзге де түрде орынсыз болып қалса, осыны растиғы және келісіді, Тапсырыс беруші Орындаушыны бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді және Тараптар осындай төлем жүргізілтін баламалы валютаны тенге («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келісіді, Тараптар келісліген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

15.8. Тараптар осымен халықаралық банк жүйесіндегі белгісіздікті назарға ала отырып, егер кез келген сәтте осы Шарт бойынша кез келген төлемдерді АҚШ долларымен не \_\_\_\_\_ жүзеге асыру Орындаушы үшін зансыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісіу бойынша өзге де түрде орынсыз болып қалса, осыны растиғы және келісіді, Тапсырыс беруші Орындаушыны бұл туралы жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді және Тараптар осындай төлем жүргізілтін баламалы валютаны тенге («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банктік шотының деректемелерін жазбаша нысанда бірлесіп келісіді, Тараптар келісліген валютада төлемді табысты жүргізу үшін бір біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді.

15.9. Егер осы Шартта өзгеше көрсетілмесе, егер осы Шартта төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуі тиіс қандай да бір сомалар көрсетілсе, есептеле немесе айқындалса (оның ішінде 15.8-тармақ тенгемен, рубльмен немесе өзге валютамен қолданылған жағдайда), онда Тараптар, егер немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты өзінің интернет сайтында ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)) тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) бағам бойынша тенге жарияламаса, мұндай төлемдерді немесе АҚШ долларымен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттары үшін осы сомалар





тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күн) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелеці болады.

15.10. Шарт тараптардың әрқайсысы үшін бірдей заңды құші бар 2 (екі) данада жасалды. Тараптар айырбастайтын Шартқа қатысты барлық хат-хабарлар және басқа құжаттама осы шарттарға сәйкес келуі керек.

15.11. Осы Шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер мен толықтырулар оларды жазбаша түрде жасаған және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда оның ажырамас бөліктері болып табылады.

15.12. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалды және реттеледі.

## 16. Тараптардың заңды мекенжайлары және банк деректемелері

"ХИМ-плюс" ЖШС

Жамбыл облысы, Тасөткел ауылы, "Тараз химиялық

паркі" АЭА аумағы, 1

БСН 121240017771

БСК HSBKKZKX

ЖСК KZ546010161000176531

АО "Народный Банк Казахстана"

Тел.: +7 (726) 436-2131

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

БСН \_\_\_\_\_

БСК \_\_\_\_\_

ЖСК \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Тел.: \_\_\_\_\_





Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РВ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
19-1 У	Тасымалдаушылардың (автокөлік құралдары иелерінен басқа) азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сактандыру бойынша қызмет көрсетулер, Тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сактандыру бойынша қызметтер (автокөлік құралдарының иелерінен басқа)	-	1.000	1.000	-		84 916	ҚАЗАҚСТАН, Жамбыл облысы, Шуский район, территория СЭЗ "Химический парк Тараз"	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап 365 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%





**Техникалық сипаттама**

Баға ұсынысина сұранымы құжаттамасының пакетінің құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.






Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

жылғы № \_\_\_\_\_

№ п/с	Жеткізуші*	ТЖҚ БНА коды *	Сатып алынған тауарлардың аталуы және қысқа сипаттамасы	МӨБЖ сәйкес өлшем бірліктердің коды	СТ-KZ сертификаты							Тауардың шыққан елінің коды	Тауарда елішілік құндылықты , тенгемен	Шартта елішілік құндылықты , %	
					5-бабы бойынша өлшем бірлігінде	ақшалай мәнде	№	Серия	Берген органның коды	Берілген жылы	Берілген күні	Елішілік құндылық үлесі			
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15 (7*13/100%)	16 ( $\sum$ 15/ $\sum$ 7*100%)
														0,00	x
					0,00									0,00	0,00%

Ескерту:

2. Шарт бойынша контрагент немесе оның жеткізушілері бола алғатын тауардың Жеткізушін көрсету қажет.
3. Бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы бойынша тауардың коды (ТЖҚ БНА). Келесі мекенжайы бойынша колжетімді: <http://www.enstru.skc.kz/>
8. СТ-KZ сертификатының нөмірі. Мысал: 01214.
9. СТ-KZ сертификатының сериясы.
10. СТ-KZ сертификатын берген органның коды. Мысал: 650.
11. СТ-KZ сертификатының берілген жылы. Мысал: егер 2017 жыл, 7 саны көрсетіледі.
12. СТ-KZ сертификатының берілген күні. Мысал: 09.06.2017.
13. СТ-KZ сертификатында көрсетілген тауарда елішілік құндылық үлесі (%). Сертификат жоқ болса, 0 тен
14. Елдердің жіктеуішіне сәйкес тауардың шыққан елінің коды.





Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар


Р/Б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Шарт аясында Орындаушымен немесе қосалқы мердігермен сатып алынған тауарлардың жиынтық сомасы	Шартты орындау аясында жасалынатын/жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық сомасы	Шартты орындастын/орындаған жеткізушінін немесе қосалқы мердігердің жұмысшыларының жалпы еңбекақы корында қазақстандық кадрларының еңбекақы корынның үлесі	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5(1-ші кестеден)	6	7	8=(4-5-6)*7)
							0,00
							0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты корытынды есебі

Р/Б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Шарт валютасы	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6	7 (= $\sum$ 15(кесте 1)+ $\sum$ 8(кесте 2)/6*100%)
						100

Ескерту:

Елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірынғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.





## Договор о закупке услуг №\_\_\_\_\_

Г. \_\_\_\_\_

«\_\_» 2024 г.

Товарищество с ограниченной ответственностью "ХИМ-плюс", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице \_\_\_\_\_, действующего на основании \_\_\_\_\_, с одной стороны, и \_\_\_\_\_ именуемое в дальнейшем «Исполнитель», в лице \_\_\_\_\_, действующего на основании \_\_\_\_\_, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Казына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок), и на основании \_\_\_\_\_, заключили настоящий договор о закупках услуг (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Исполнитель, подписывая настоящий Договор подтверждает, что:

- является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством;
- отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора;
- оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора.

### 1. Предмет Договора

1.1. Исполнитель обязуется оказать услуги согласно условиям Договора (далее - Услуги), а Заказчик обязуется принять и оплатить Услуги на условиях настоящего Договора, при условии надлежащего исполнения Исполнителем своих обязательств по Договору.

### 2. Сумма Договора и условия оплаты

2.1. Общая сумма настоящего Договора составляет \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) \_\_\_\_\_ и включает все расходы, необходимые для надлежащего исполнения условий Договора, и не подлежит изменению до полного исполнения Сторонами своих обязательств по настоящему Договору, за исключением случаев, предусмотренных Договором и Порядком.

2.2. Общее соотношение видов оплаты по договору указано в Приложении № 1 к Договору.

2.3. Оплата по договору производится в следующем порядке:

2.4. Авансовый платеж (предоплата) производится в срок не позднее 20 (двадцати) рабочих дней с даты предоставления Исполнителем обеспечения возврата аванса (предоплаты). Авансовый платеж (предоплата) производится при условии предоставления обеспечения возврата аванса, за исключением случаев, предусмотренных пунктом 8 статьи 43 Порядка. В случае отказа Исполнителя от авансового платежа (предоплаты), данный авансовый платеж (предоплата) не осуществляется.

2.4.1. Авансовый платеж (предоплата) в случаях, предусмотренных пунктом 8 статьи 43 Порядка производится в срок \_\_\_\_\_ на основании предоставления следующего (их) документа (ов):

2.5. Оплата за оказанные Услуги, в том числе окончательный расчет по Договору, производится в срок не позднее 30 (тридцати) календарных дней с даты подписания сторонами Акта (-ов) оказанных Услуг (далее - Акт оказанных Услуг) и предоставления следующего (их) документа (ов):

2.5.1. Расчет внутристрановой ценности на весь объем Услуг, оказанных в рамках Договора в форме электронного документа (предоставляется в информационной системе АО «Самрук-Казына», обеспечивающей проведение электронных закупок (далее – Веб-портал) вместе с окончательным Актом оказанных Услуг);

2.5.2. Счет-фактуры;

2.5.3. ...

